

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ТҮРКІТАНУ КАФЕДРАСЫ

**«Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдарының жинағы**

25.05.2023 ж.

**Proceedings of the international scientific and practical conference “Research problems of the Turkic runic monuments”**

25.05.2023

**Сборник материалов международной научно-практической конференции  
«Проблемы исследования тюркских рунических памятников»**

25.05.2023 г.

Астана, 2023

ӘОЖ (УДК) 930

КБЖ (ББК) 63.2

Т 90

Редакция алқасы:

Төраға – Е.Б. Сыдықов, «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті»  
КеАҚ Басқарма төрағасы-ректор

Жауапты редактор – Н.Г. Шаймердинова, филология ғылымдарының докторы,  
профессор, Түркітану кафедрасы, Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Ғылыми редактор – Ж.Қ. Айдарбекова, PhD, Түркітану кафедрасы доценті м.а.,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

Техникалық редактор – Н. Милованова, Түркітану мамандығының докторанты,  
Л.Н.Гумилев ат.ЕҰУ

**Т 90 «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференциясының материалдары (25 мамыр 2023 жыл).** – Астана: Л.Н.  
Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 376 б.

ISBN 978-601-337-878-7

Жинаққа «Түркі руна ескерткіштерін зерттеу мәселелері» халықаралық ғылыми-  
практикалық конференцияның материалдары енгізілген. Конференцияға Ресей Федерациясы,  
Өзбекстан, Әзербайжан, Қырғызстан және Қазақстан ғалымдары қатысты.

Жинақта ежелгі және қазіргі түркі халықтарының мәдени және жазба ескерткіштерінің  
зерттелуі, түркі жазба ескерткіштерінің тілі және диалектілері, түркі халықтарының мәдениеті  
мен тарихы, жалпы түркітанудың өзекті мәселелері қамтылған.

ISBN 978-601-337-878-7

ӘОЖ (УДК) 930  
КБЖ (ББК) 63.2

©Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2023

2009. – 828 p.
8. Grousset R. Bozkur imparatorluğu. – İstanbul, 1993. – 300 s.
  9. Hacıyev T. Orxon-Yenisey abidələri: janr xüsusiyyətləri. Dədə Qorqud, 2004, № 1. – S. 29-47.
  10. [https://525.az/site/?name=xeber&duzelis=0&news\\_id=89505#gsc.tab=0](https://525.az/site/?name=xeber&duzelis=0&news_id=89505#gsc.tab=0) (Həbibbəyli, İ. Ortaq yazılı ədəbiyyat mərhələsi)
  11. <https://cavansir.feyziyev.com/bloq/elmi/dovletcilik-shuuru-ve-siyasi-realizm.php> (Feyziyev, C. “Orhon yazılı abidələri: dövlətçilik şüuru və siyasi realizm”)
  12. <https://turkustan.info/2020/04/25/isa-h%C9%99bibb%C9%99yli-tonyukuk-yazili-m%C9%99tnl%C9%99ri-turk-xalqinin-q%C9%99hr%C9%99manligina-ucaldilmis-%C9%99b%C9%99di-abid%C9%99di/> (Həbibbəyli, İ. “«Tonyukuk» yazılı mətnləri türk xalqının qəhrəmanlığına ucaldılmış əbədi abidədi”)
  13. Musaxanlı A. Türk ədəbiyyatının inkişaf xüsusiyyətləri, Ədəbiyyatdan iş kitabı. Birinci hissə. – Bakı: Azər nəşr. 1928. - 284 s.
  14. Nazim Ə. Ədəbiyyatımız və ədəbiyyat tariximiz. // “Yeni yol” qəzeti, 10.11.1925.
  15. Osmanlı V. Qədim türk ədəbiyyatı (VI-X əsrlər). – Bakı, 2008. – 244 s.
  16. Rəcəbov Ə., Məmmədov Y. Orxon Yenisey abidələri. – Bakı: Yazıçı, 1993. – 396 s.
  17. Айдаров Г. Библиографический указатель литературы по енисейско-орхонским и таласским памятникам древнетюркской письменности. – Алматы, 1979. – С. 236.
  18. Зарубежная тюркология. Вып. I. Древние тюркские языки и литературы. // М.: ГРВЛ. 1986. - 384 с.
  19. Корш Ф.Е. Древнейший народный стих турецких племен. – СПб.: Тип. Акад. наук, 1909. – 29 с.
  20. Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков. – Москва-Ленинград: Изд-во Академии Наук СССР, 1952. – 118 с.
  21. Мелиоранский П.М. Об орхонских и енисейских надгробных памятниках с надписями. // Журнал Министерства народного просвещения. ІМНР, XVII, июнь, отд.2. 1909. – С. 54-58.
  22. Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-VIII веков. – Москва: Глав. ред. восточной лит-ры, 1965. – 146 с.
  23. Тюркологический сборник. // М.-Л.; М.: ГРВЛ: «Восточная литература». – 1970. – С. 68-72.

## КҮЛТЕГІН ЕСКЕРТКІШІНІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІСІ

*Зәкенұлы Т.,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан  
[kaiyrken\\_tz@enu.kz](mailto:kaiyrken_tz@enu.kz)*

**Аннотация.** Орталық Азияда өз басымдығын әйгілей алған Көне түрік мемлекеті дамып, күдіреттеніп, өзінің шығысы мен батысындағы ірі елдермен иық тіресе алатын, тіпті, оларға қатер төндіретін, қажеті келгенде қорғаныш та болатын дәрежеге жетті. Бүгінге жеткен көптеген ескерткіштердің ішінен айырықша орын алған – Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері. Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба түрікше мәтінмен қоса мәңгітастың келесі бетіне қашап жазылған. Дегенмен, қытай тіліндегі жазба ескерткіштегі түрікше жазбаны қайталамайды, яғни, олардың аудармасы емес. Сондықтан ондағы мазмұндар түрікшесіндегі мазмұндарды одан ары толықтырып қана қоймай, олардың деректік құндылығын арттыра түседі.

**Кілт сөздер:** Күлтегін ескерткіші, мәңгітас, Көне Түркі қағанаты, Таң патшалығы, жазба.

**Abstract.** The Old Turkic state, which was able to assert its superiority in Central Asia, developed and became stronger and reached the point where it could stand shoulder to shoulder with the big countries in the east and west, and even threaten them and protect them when necessary. Among the many monuments that have survived to this day, the Kultegin, Bilge Khagan and Tonukok monuments stand out. The Chinese inscription on the Kultegin monument is engraved on the next side of the monument along with the Turkic text. However, the Chinese inscription does not duplicate the Turkic inscription on the monument, that is, it is not a translation of them. Therefore, the content in it not only complements the content in Turkish, but also increases their informative value.

**Keywords:** Kultegin, monument, the Old Turkic Khaganate, the Tang Empire, inscription.

Бүгінгі таңда Орталық Азияның геосаяси, экономикалық, мәдени-рухани орны қанша маңызды болса, ерте-ортағасырларда да сондай маңызды болды. Осы өлкеде өз басымдығын әйгілей алған Көне түрік мемлекеті де сол кезде дамып, күдіреттеніп, өзінің шығысы мен батысындағы ірі елдермен иық тіресе алатын, тіпті, оларға қатер төндіретін, қажеті келгенде қорғаныш та болатын дәрежеге жетті. АҚШ ғалымы Thomas Barfield-тің атап көрсеткеніндей, «қауқарсыз Таң мемлекеті ісжүзінде көшпенділердің күш-қуаты арқылы өзін қорғап тұрды, сондай-ақ, көшпенділердің өздеріне берген артықшылықтарынан пайдаланып, ішкі бүлік пен сыртқы кесірден аман-сау тұрды» [1:166]. Ішкі-сыртқы тепе-теңдік жағдайында көне түркілер өздерінің этникалық белгілерін сақтап тұра алды әрі бүгінгі Қазақстанды қамтыған ұлан-ғайыр аймақта мемлекет құрды.

Баса назар аударатын мәселе— сол кездің өзінде көне түркілердің жоғары элитасының мемлекеттік санасының биік деңгейде болуы. Осы сана оларды жоғары мемлекеттік әлеуетке ие етті. Сол арқылы олар алдымен жужандардың, кейін эфталиттердің үстемдігін аударып тастады. Көне түркілердің тарих сахнасына шығуы туралы Ван Чжилай былай дейді: эфталиттер біртіндеп әлсіреген кезде, тағы бір қуатты этнос Қытайдың солтүстігінде пайда болды.

Бұлар кейін Орта Азия тарихында айырықша маңызға ие болған түркілер еді [2: 53]. Түркілердің тарих сахнасына шығуы өздерінен бұрынғы ғұндарға қарағанда анағұрлым өркениетті белгілермен есте қалды. Бірақ Еуразия кеңістігін жалпағынан билеген ғұндардан көп тәжірибе қабылдады. Аттиланың ғұн империясы кезінде және одан кейін де батыстағы ғұндар мен шығыстағы ғұндардың арасында байланыс еш үзілген емес. Кейін шығыстағы ғұндар біртіндеп «түрік» этносына айналды. Этноним ғана өзгергенімен этностың түпкі мәні өзгерген жоқ. Қытайдың терістігінен бастап, Қара теңізге дейінгі кең-байтақ кеңістікте билік құрған олар, сол заманда дүниежүзінде бар жетістіктердің бәрінен игіліктене алды. Ең бастысы олар өздерінің төл жазуын қолданып, Қытайдың тас ескерткіштер орнату дәстүрін өнімді пайдаланды. Бұл ескерткіштер бүгінде қазақ халқының арғы аталарының биік тілдік мәдениеті мен мемлекеттілігінің құнды айғағы [3:74] болып отыр. Қытай ғалымы Линь Ганьның пікірінше, Күлтегін ескерткішінде негізінен қағандар мен ақсүйектердің ерлігі мен еселі еңбектері сөз болғанымен түркі халқының құдіреттенуі мен күйреуі, олардың құлиеленуші билігінің гүлденуі мен жойылуы жөнінен кейінгілерге аса қымбатты тарихи деректер қалдырды. Мәңгітас мәтіндерінің тілі қарапайым, мейлінше көркем, әдеби стилге бай, сол себептен бұл мәтіндерді әрі тарихи дерек, әрі керемет эпопея деуге болады [4:133]. Демек, бұл деректер ата-бабамыздың бүгінгі күнге еш қоспасыз, боямасыз жеткен төл сөзі. Оның үстіне, бұл ескерткіштерде бастан-аяқ бір ғана мәселе—мемлекеттік мәселе сөз болады. Бүгінге жеткен көптеген ескерткіштердің ішінен айырықша атап көрсететініміз—Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк ескерткіштері.

Бұл ескерткіштерді терең талдау, оның тарихи мәніне бойлау тек тарих ғылымы үшін ғана емес, біздің мемлекеттілігіміз үшін де айырықша маңызға ие. Төменде көне түркі ескерткіштерінің ішіндегі ең толық сақталған Күлтегін ескерткішінің пайда болуы мен деректік құндылығы, қытай және басқа деректермен байланысы, мазмұндық бөліктері мен олардың ерекшеліктері туралы қысқаша тоқтала кетейік.

Күлтегін ескерткіші саны мен географиялық орналасуы және хронологиясы жағынан аса ауқымды болып келетін көне түркі ескерткіштерінің ішіндегі ең кемелдісі. Ол заманымыздың 732 жылы Екінші Түркі қағанатының (681-745 жж.) талантты қолбасшысы, мемлекетшіл тұлғасы Күлтегіннің атына орнатылған. Деректану ғылымында мұндай ескерткіштерді қайталанбайтын бірегей ескерткіш деп атайды. Бұл бірегейлік оның қостілділігі мен мәтіндерінің сақталу деңгейіне, мазмұнының байлығына және ондағы берілген мәліметтердің қайталанбайтындығына байланысты. Бұл көне түркілердің Тан бодандығынан құтылып өз тәуелсіздігін қайта алған кезіне тән ескерткіш. Ғылымда осы кезге тән ескерткіштерді Екінші Түркі қағанатының ескерткіштері деп те атайды. Мұндай ескерткіштердің түрікше руникалық жазбамен жазылған мәтіндерінде елдік, мемлекеттік сарын, ерлік пен елдік дәстүрі, мемлекетті сақтап қалу жолындағы түркі халқы дәмін татқан ащы сабақтар, «Мәңгілік Ел» болудың асыл мұраттары мен алғышарттары, өткеннің тәжірибе-сабақтары сөз болса, ескерткіштердің қытайша мәтінінде табғаштардың (қытайлардың) Түркі

қағанатын іштей мойындауы, оған құрмет ету, тату көршілік саясатты ұстану тілегі мен әлі де болса оларға Таң мемлекетінің «қамқорлығын» сездіру пиғылы байқалады.

Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба түрікше мәтінмен қоса мәңгітастың келесі бетіне қашап жазылған. Ерекше ескеретін жай – аталмыш қытай тіліндегі жазба ескерткіштегі түрікше жазбаны қайталамайды, бір сөзбен айтқанда, олардың аудармасы емес. Ескерткіштегі түрікше жазбамен салыстырғанда, онда Күлтегінге және оның ағасы Білге қағанға қатысты тарихи жағдайлар жалпылама айтылады. Сондықтан ондағы мазмұндар түрікшесіндегі мазмұндарды одан ары толықтырып қана қоймай, олардың деректік құндылығын арттыра түседі.

Демек, Күлтегін ескерткішіндегі жазбалар VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанатының және түркі тайпаларының тарихын, олардың айналадағы елдермен байланысын зерттеуде айырықша қажетті дерек көздері деуге толық негіз бар.

Ескерткіште басты сөз Күлтегін туралы болғанымен, онда Білге қағанға қатысты да мәліметтер де кездеседі. Өйткені, Білге қаған Күлтегіннің туған ағасы, екеуі де Екінші Түркі қағанатын құрушы Елтеріс Құтлық қағанның ұлдары. Күлтегін қайтыс болған соң, оған арналған ескерткішті осы Білге қаған тұрғызған және оқиғалардың реті оның өз аузынан баяндалады. Екеуінің өсіп-жетілуі, өмір жолы, кешірмелері негізінен бірдей. Бір уақытта, бір тарихи кезеңде өмір сүрген. Үшіншіден, екеуінің қайтыс болған уақыты да қарайлас, яғни, Күлтегін 731 жылы қайтыс болса, Білге қаған 734 жылы дүниеден өткен. Екеуінің кесенесі де бір-біріне жақын жерде жатыр. Оның үстіне, екі ескерткіштегі мәтіндердің де мазмұн жағынан бірін бірі қайталайтын тұстары бар.

1997 жылы Қазақстанның үкіметтік делегациясы Монғолияға барып, көне түркі ескерткіштерінің жай-күйімен танысып, олардың көшірмесін Қазақстанға әкелу мәселесін күн тәртібіне қойған еді. Нәтижесінде Күлтегін ескерткішінің Жапонияда жасалған ғылыми көшірмесі 2001 жылы 18 мамыр күні Астанадағы Еуразия университетінің бас корпусына жеткізілді. Ескерткіш тастың келуіне орай, Қазақстан республикасының Президенті Н.Назарбаев құттықтау сөзін сөйледі [5:9-12]. Сол күні Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Бұл тәуелсіз Қазақстан тарихында түркология жөніндегі бірінші әрі кең ауқымдағы халықаралық конференция еді. Оған еліміз бен шетелдерден көптеген түрколог-ғалымдар, жазушылар және қоғам қайраткерлері қатысты. Конференцияның ашылу салтанатына арнап сөйлеген кіріспе сөзінде сол кездегі Премьер-министрдің орынбасары И.Н. Тасмағамбетов сөз сөйлеп, бүкіл Түркі дүниесінің бойтұмары деп атауға тұрарлық осынау жазбалардың ең басты қасиеті, ең негізгі құдіреті— оларды жасаушылардың асқақ рухында, өр намысы, өлмес еркі, мұқалмас жігерінде. Мұндай бекем рухсыз ұлы дала төсінде осыншалықты өркениеттік өрлеу орын алмас еді, осыншалықты терең тарих тарқатылмас еді.

Ұлт ұлы, халық жасампаз болмас еді [6:14],-деп атап көрсетті.

Бұл конференция Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің келуіне орай өткізілгендіктен, онда көтерілген мәселелердің көбі көне түркілер мен қазақ этногенезінің тарихи байланысына арналды. Тек осы конференцияда ғана біз дүниежүзіне көне түркілерді өз ата-бабаларымыз ретінде таныта білдік, әрі әлем ғалымдарын осы пікірге мойынсал еттік. Сондай-ақ, біз Түркі қағанатын қазақ мемлекеттігінің бастау көздерінің бірі ретінде қарай бастадық.

Конференция қорытындысы бойынша көне түркі мұраларын, тарихын мемлекеттік және халықаралық деңгейде кешенді зерттеу, түрлі елдермен осы саладағы ғылыми қарым-қатынасты тереңдету туралы шешім қабылданды. Конференцияның ең басты ерекшелігі — онда көне түркі өркениетін, тарихын қазақ этнонеесі мен мемлекеттігінің қалыптасу тарихымен байланыстыра зерттеуге басымдық берілді. Конференциядан кейін Түрколог ғалым Қ.Сартқожа басшылығында Монғолия мен Қытайға бірнеше мәрте ғылыми экспедиция жасақталды. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас корпусында жазу тарихының мұражайы ашылды. Филология ғылымдарының докторы, түрколог М.Жолдасбековтың жетекшілігімен Қ.Сартқожа қатарлы ғалымдар зерттеп, құрастырған «Орхон ескерткіштері» атты көлемді атлас 2003 және 2007 жылдары қазақ және орыс тілдерінде баспадан шықты. Әсіресе, 2003 жылдан басталған «Мемлекеттік мәдени мұра бағдарламасы» көне түркі ескерткіштерін тарихи тұрғыдан зерттеуге тың серпін берді.

Деректану тұрғысынан алғанда көне түркі дәуірі жазба ескерткіштерге бай деуге болады. Бұл кезеңнің жазба ескерткіштерінің қатарына көне қытай, грек және араб деректері мен Монғолия, Қытай жеріндегі тас ескерткіштердегі түрік, қытай т.б. тілдердегі жазбаларды жатқызуға болады. Бүгінде отандық тарих ғылымы нақты деректермен қамтамасыз етілді деуге әлі ерте. Бұл жұмыс өте ауқымды, мол әрі шынайы дерек көздеріне мұқтаж. Соның ішінде көне түркі ескерткіштеріндегі қытайша және руникаша жазбаларды да зерттеп-зерделеудің маңызы айырықша. Өйткені бұған дейін қытай тіліндегі көне құжаттар түрік тарихын терең зерттеудегі бірден-бір құнарлы дерек көзі болып келді. Құдды орыс ғалымы В.В. Бартольд атап көрсеткендей: «түркі тайпалары арасындағы түрлі тартыстар және көшпенді мемлекеттің дамуы мен күйреуі, бірінің орынын бірінің басуы арабтар үшін еш қызықсыз еді. Егер қытай жазбалары болмағанда (әрине ішінара грек деректері де бар), біз тарихи деректерден құр алақан қалар едік» [7:50]. Дегенмен, осы қолда бар бар деректер тарих ғылымына, әсіресе көне түркі тарихын жүйелеуге, оның мазмұнын байытуға толық пайдаланылмай келе жатқаны жанға батады. Бүгінге дейін көне түркі ескерткіштерінің деректік әлеуетін зерттеген, оларға тарихнамалық және деректанулық тұрғыдан кіріскен ғалымдардың саны санаулы ғана.

Ұзақ жылдар бойы қазақ эпостары мен көне түркі ескерткіштері арасындағы рухани, тілдік дәстүрлердің ортақтығын зерттеген ғалым, профессор М.Жолдасбеков Күлтегін ескерткішінің ғылыми көшірмесінің Астанаға келуіне

орай сөйлеген сөзінде: “ең басты міндеттердің бірі – дүниежүзінің әр мемлекетінің мұражайлары мен кітапханаларында сақтаулы тұрған 15 мыңға жуық түркі ескерткіштерінің әр қайсысын есепке алу, ғылыми сипаттама жасау және оларды жүйелеу болып табылады.”[8: 65]-деген еді. Ғалымның бұл ойы көне түркі ескерткіштердегі руникаша және қытайша жазбаларға да қатысты.

Сол себептен, жақында арнайы «Күлтегін ескерткіші: тарихи-деректанулық талдау» деп аталатын монографиямызды аяқтадық.

Бұл еңбекте VIII ғасырда көк түріктердің ата мекені Орхон бойында сақталып қалған Күлтегін ескерткішіндегі қытайша және руникалық жазбаларды зерттеу—олардың келіп шығуын анықтап, әрбір жазбаға текстологиялық талдау жасау, әрі тарихи дерек көзі ретінде қарай отырып, сол кезде болған тарихи оқиғалармен салыстыру, өзге де қатысты деректермен байланыстыра сараптама жасау, деректің мәнін, құндылығын анықтау басты мақсат етіп қойылды. Сол үшін біз зерттеуді алдымен қытайша мәтіннен бастадық. Өйткені, қытайша мәтін ең алғаш руникалық мәтінді шешіп оқудың кілті болған еді. Ол ескерткіштегі түрікше жазбаның шынайылығы мен дәйектілігін арттыра түседі.

— Күлтегін ескерткішіндегі қытайша мәтін (Монғолия), көлденеңінен 14 жол, тігінен 36 жол, жалпы жазылғаны—504 иероглиф, сақталып қалғаны—500 иероглиф, бүліну деңгейі жеңіл;

— Күлтегін ескерткішіндегі руникалық мәтін: 76 жол. Сақталу деңгейі жақсы.

Түрлі объективті және субъективті себептерге байланысты, ғалымдар бұған дейін Орхон ескерткіштеріндегі түрікше жазба мен бүгінгі түркі халықтары тілінің байланысын, рухани-заттық мәдениетінің тамырластығын зерттеуге көбірек ден қойды. Бұл жөнінде проф. А.Сейдімбеков былай дейді: “түркология негізінен түркі халықтарының тілін зерттейтін ғылым ретінде бой көтерді де, бұл үрдіс күні бүгінге дейін бел алып келе жатыр. Яғни, түркология түркі халықтарының тарихы мен мәдениетін кешенді қалпында бір тұтастықта зерделеуге әлі де болса қол жеткізе алмай келе жатыр деуге болады” [9:4-5]. Бұл пікірін ол 1997 жылы баспадан шыққан «Қазақ әлемі» атты зерттеуінде де ортаға қойған еді: кеңес дәуірінде ғылымдағы кереғар тұжырымдардың көбеюі бара-бара әрбір түркі тілдес ұлттардың өз “түркологиясын” қалыптастырып, түркі тілдес ұлттардың арасын алшақтата түсті, - дейді [10:16-17] ғалым. Сондықтан көне түркі ескерткіштері туралы сөз болғанда, оларға лингвистикалық тұрғыдан қарау үрдіске айналды. Яғни көпшілік қауым, оның ішінде гуманитарлық саланың ғалымдары да, көне түркі ескерткіштерін зерттеуді тек тіл тұрғысынан зерттеу деп түсінді.

Дегенмен, мәтіндерді шешіп оқу мен оларды жариялау лингвистерсіз мүмкін емес еді. Демек, лингвистер өз жұмысын тиянақты орындады. Лингвистердің ұзақ жылғы қажырлы еңбектерінің нәтижесінде көне түркі мәтіндерінің мазмұны анықталды. Бұл мәтіндерді түркі халықтарының тегінің бір екеніне, сол негізде қазақ этногенезінің де көне түркілермен байланысып



жатқанына сілтейтін бірден-бір ғылыми дәйек деуге болады. Бұл бағытта лингвистер мен тарихшы-деректанушылардың қызметі бірін-бірі толықтайды. Яғни, тілдік тұтастықты дәлелдейтін кез-келген жазба деректің өзі де ең әуелі тарихи дерекке жатады. Мысалы, Есік қорғанынан табылған күміс тостағандағы жазу пәлендей бір тарихи оқиғаны түсіндіріп бере алмағанымен, тым құрығанда сақтардың Жетісу өңірін мекендеген бір бөлігінің біздің дәуірімізден бұрынғы V-II ғасырлар бедерінде түрік тілде сөйлеп, көне түркі руна жазуын қолданғанын дәлелдеп береді [11:78]. Бұл оның деректік құндылығы болып табылады.

Ендеше, бүтін бір дәуірдің шежіресін тұтастай жазып кеткен Орхон ескерткіштері қалайша тарихи дерек бола алмайды? Лингвистердің арқасында тарихшылар үшін аса құнды, қайталанбайтын деректер шоғыры пайда болды. Онда нақышталған жазбалар мейлі көне түркі тілінде немесе көне қытай тілінде жазылсын, бас-аяғы үш ғасырға созылған бүтін бір дәуірдің тарихынан мәлімет береді. Оның үстіне, көне түркі ескерткіштері ең алдымен бұдан мың қанша жыл бұрын тас бетіне бедерленген ескерткіш болғанымен де бағалы. «Ескерткіш» болады екен, ең әуелі ол тарихи дерек болып табылады. Ескерткіштегі түрікше жазбада түркі халқының ең алғаш ерлегені, тәуелсіз мемлекет құрғаны, мемлекет құра тұрып ішкі берекесіздік кесірінен Табғаш (Таң мемлекеті) халқының алдап-арбауына сеніп, бодандық кепке түскені, Табғаш жұрты «үшін ісін, күшін беріп», аты-жөндерін де қытайша өзгерткені, тегін ұмытып, мүлде азғындағаны, ақыр соңында бойында ар-намысы бар жеті ер жиналып жеті жүзге жеткені, күннен-күнге ұлғайып, Түркі қағанатын қайта құрғаны баяндалады. Тастағы қытайша жазбада да Қытай императоры екі ел арасында қалыптасқан тату көршілік саясатқа мол мән-мағна береді. Күлтегіннің ақылы мен парасатына бас иеді. Түркі қағанатын сыйлайды. Демек, таста елдің тарихы, сыртқы қатынасы, өмірлік ұстанымдары, өткеннің тәжірибе-сабақтары жақсы айтылған. Түркі төрін, мемлекетін сақтап қалуды өте өзекті мәселе ретінде көтереді.

Бұл жөнінде проф. Х.М. Әбжанов: “Ең бастысы— адам мен қоғам мәселелерін өркениет үрдісіне толық жауап беретін зайырлы тұжырымдамада жинақтауы Күлтегін ескерткішін байырғы Түркі қағанатының Ата заңы деңгейіндегі асыл мұра деп бағалауға күмәнсіз негіз қалайды”[12: 142]-деген еді. Демек, алыс-жақынға атағы шыққан жазбаның тарихи құндылығы да осында жатса керек. Сол себепті, еліміздің деректанушы ғалымы, проф. Қ.Атабаев өзінің «Қазақстан тарихының деректанулық негіздері» және «Деректану» атты еңбектерінде Орхон-Енисей жазбаларының түрлік және тілдік ерекшеліктері мен деректік маңызына арнайы тоқталып, оларды қазақ мемлекеттігінің тарихын зерттеудегі түп дерек ретінде көрсеткен болатын[13: 146-147].

VI-IX ғасырларда жасаған түрік және ұйғыр қағанаты иелігіндегі түрлі этностардың бірсыпырасының кейін келе бүгінгі Қазақстан мен Монғолия жерінде құрылған түрлі мемлекеттердің құрушы әрі негізгі тұрғыны болғаны ғылымға белгілі жағдай. Тарихтың осынау ұзақ кезеңінде көне түріктер қазақ жерінде мемлекеттік дәстүрді жалғастырушы әрі қазақ этногенезін байытушы фактор ретінде өмір сүрді.

Бүгінгі Қазақстан жағрапиялық тұрғыдан бір кездегі Батыс Түркі

қағанатына тән территорияны толығымен алып жатыр. Сонымен бірге тарихи әдебиеттерде түркі дәуіріне байланысты кездесетін көптеген оқиғалар осы өңірде өткен. Қазақстан, шын мәнінде, көне Түркі қағанатының мемлекеттік дәстүрі мен тарихына, ғұрп-әдеті мен тіліне, елдік аумағына мұрагерлік етуші бірден-бір мемлекет. Көне түркі тарихын зерттеу қазақ мемлекеттігі мен қазақ этногенезінің көне түркілік кезеңін зерттеу болып табылады. Сондықтан көне түркі кезеңіне тән кез-келген ескерткіш пен ондағы әрбір сөз-сөйлем қазақ мемлекеттігінің тарихынан сыр шертетін бағалы мұра есептеледі.

Сондықтан, Күлтегін ескерткішін тарихи-деректану тұрғысынан зерттеу, сол бағытта көтерілген мәселелер, ондағы ғылыми тұжырымдар, жинақталған мәліметтер, деректер, қорытындылар мен ұсыныстар қазақ мемлекеттігінің тарихына қатысты жайларды тереңдей зерделеуге жол ашады; Ерте және ортағасырлардағы Қазақстан мен оған көршілес аймақтардың, елдердің халықаралық қатынас тарихын зерттеуге көмектеседі; Осы мақсаттағы кез-кедген зерттеу жұмысының дерек көзін байытады; Зерттеу нәтижелерін дипломат кадрларды тәрбиелеуде және жалпы жоғары оқу орындарында тарих, аймақтану, халықаралық құқық, халықаралық қатынас мамандықтары үшін арнайы курс ретінде енгізуге болады; Мұражайлар мен өзге де мекемелерде, жоғары оқу орындары мен мектептерде Қазақстан тарихының көрнекі үгіт-насиқат құралдары үшін пайдалануға, оқытушы ұстаздардың қосымша оқу құралы әрі факультативтік сабақтарда тиісті дерек ретінде қолдануға болады.

Күлтегін ескерткішіндегі жазба – VIII ғасыр туындысы. Яғни, Бумен, Істеми қағандар құрған бірінші түркі қағанатының (552-657 жж.) жалғасы болып табылатын Екінші түркі қағанатының (681-745 жж.) кезінде жасаған жауынгер қолбасшы Күлтегіннің құрметіне орнатылған ескерткіш. 630 жылы Шығыс Түркі қағанаты Қытайдың Таң патшалығы тарапынан жойылғаннан кейін, оған қарасты түркі жұртының бір бөлігі Қытайдың ішкі аймақтарына зорлықпен жер аударылды. Оған көнбегендері Шығыс Түркі қағанатына тән бұрынғы қоныстарын тастап шығып, Батыс Түркі қағанатына тиесілі иеліктерге кетіп қалды. Кейін (657 ж.) Батыс Түркі қағанатының жері де Таң империясы тарапынан жаулап алынды. Осылайша, империя шегінде толық отарлық, бодандық кепке түскен түркі жұрты Таң үстемдігіне қарысы көтерілістерін бірде бір күн тоқтатпады. Жоғары жік ақсүйектерінің ішкі бақталастығы (оның өзі де империяның ағайынды адамдарды бір-біріне қайрап салуы нәтижесінде тұтанған) нәтижесінде Таң ордасына бас иген кейбір түркі сарбаздары жеке бастың араздығы үшін ел мен жерін құрбандық етіп, империяның ірге кеңейтуі жолында қызмет етіп жүрген кезде, талауға түскен Ел-жұртын бодандық кептен құтқарып, қағанатты қайта құру жолында аянбай еңбек еткен ерлердің бірі Күлтегін еді. Ол әкесі Елтеріс Құтлық қаған Қыдырхан тауларының етегінен Темір қақпаға дейін азып-тозған түркі жұртын жиып-теріп қайта құрған Екінші Түркі қағанатын одан ары баянды ету жолында жан аямай күресті. Күлтегіннің саяси ұстанымы — әр кім өз мемлекетіне ие болу, тәуелсіздігін сақтау, бір-біріне құрмет ету; елдің қуатты болуы ең әуелі халықтың ішкі бірлігіне байланысты; сол үшін ішкі бірлікті көздің қарашығындай қорғап, сырт елмен тату-тәтті тұру

дегенге саяды. Бұл бүгін де өте көкейтесті мәселе. Ол осы саясаты үшін қытайлық Тан мемлекетінің патшасы Тан Суанцзунның құрметіне бөленді. Тан Суанцзун оның батырлығы мен ержүрек, парасаттылығына, бейбітшілік сүйгіш ниетіне тәнті болды. Мұндай көңіл-күйін ол Күлтегіннің қазасына арнап өз қолымен жазған тас бітікке де сіңірді. Сондықтан Күлтегін ескерткішіндегі қытайша жазба түркі жұртының өз тәуелсіздігін қайта қолға алып, салықалы сыртқы саясатқа бет бұрған бір кезеңнің белгісі ретінде бүгінге жетті. Ескерткіштегі түрікше мәтін де осы кезеңге саятын дереккөзі болып табылады.

Бүгінгі Қазақстан тарихта түркі халықтары мекен еткен, мемлекет құрған байтақ территорияның қомақты бөлігін иелейді. Түркілер ту ертеде Қытай қорғанынан өтіп, Хуанхэ қолтығына дейін барып қыстап қайтатын. Себебі бұл мекендер б.д.б. V ғасырларда-ақ түріктердің арғы аталары ғұндардың қысқы қонысы болған. Кейінгі кездері Қытайдың Цин, Хань, Цзинь, Суй, Таң патшалықтарымен болған мың жылдық күрес қолдан кеткен сол көне қоныстар үшін болған еді. Түркі тарихының бір ұшы ылғида бүгінгі Солтүстік Қытаймен байланысты болып келе беретіні де сондықтан. Демек, біздің арғы аталарымыздың кіндік кескен көне қоныстарының бір шеті ерте кезде қиырдағы Хуанхэ шалмасынан басталатын. Сондықтан, “қазақ тарихы мен мәдениеті қазіргі Қазақстан Республикасының шекарасымен шектелмейді. Ежелгі Қытай мен Орталық және Солтүстік Азиядағы көшпелі (түрік-монғол, манжур-тұңғұс, үнді-иран тілдес) халықтар неше мыңдаған жылдардан бері көрші болып, өте тығыз саяси, этно-мәдени байланыста өмір сүріп келген” [14: 6].

Л.Гумилев Еуразия құрлығы тұтас емес, оны табиғи бөгеттер бөліп тастаған дейді. Оның пікірінше, Ұлы дала Еуразия құрлығының ортасын ала Уссуриден Дунайға дейін көсіліп жатыр. «Таң кітабы. Батыс түрік баянында» Жұлдыздың батысындағы орталық Тянь-Шаньді үйсіндердің ата мекені дейді. Бұдан соң түркілер батыста Темір қақпадан шығыста Қыдырхан жынысына (Синанлин) дейін жайыла қоныстанды. Ол кезде түріктер Алтайды «Алтын жынысы» дейтін. «Жыныс» дегені орман деген сөз (ит тұмсығы өтпейтін жыныс, жыныс орман т.б.) [15: 112-113]. Күлтегіннің жүріп өткен жолдары шығыста Қытайдың Шандун жазығы мен Хинган (Қыдырхан) тауларынан батыста Каспий теңізіне, Темір қақпаға (иран мен Тұран шекарасы), оңтүстікте Янцзы жағасынан солтүстікте Байқал көліне дейінгі кең-байтақ алқапқа созылып жатыр.

Қорыта айтсақ, Көне Түркі қағанаты—бүгінгі Қазақстанды қамтыған байрғы Қазақ даласында құрылған ежелгі мемлекет. Қазақ халқы да көне Түркі қағанаты құрамындағы ру-тайпалар негізінде дамыған түркі текті, түрік тілдес халық. Бұл Түркі қағанаты ту ертеден бүгінге дейін жалғасып келген Қазақ мемлекеттігінің бастауы екенін көрсетеді. Демек, Күлтегін ескерткіші біздің елдік тарихымыздың түпкі тұғырнамасы, басты құжаты болуға тиіс.

### Әдебиет

1. Thomas Barfield. The perilous frontier: Nomadic empires and China 危险的边疆: 游牧帝国与中国. 南京2014. – 409 p.
2. 王治来. 中亚史. 北京: 人民出版社, 2010. – 424 б.

3. Аманжолов С.А. Насущные вопросы изучения орхоно-енисейских надписей // Древнетюркская цивилизация: памятники письменности: материалы междунар. науч.-теорет. конф. Астана, 18-19 мая 2001 г. – Алматы: 2001. - С.72-74.
4. 林幹. 突厥与回纥史. 呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 2013, - 500 p.
5. Назарбаев Н.Ә. Күлтегін жайымының тұсаукесерінде сөйлеген сөз // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2001. – 9-12 бб.
6. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары И.Н.Тасмағамбетовтың кіріспе сөзі // “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. –Алматы, 2001. –13-16 бб.
7. Бартольд В.В. Сочинения, V т. – М.: 1968. –716 с.
8. Жолдасбеков М. Орхон ескерткіштерін зерттеудің кейбір мәселелері // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы: 2001. – 62-66 бб.
9. Сейдімбеков А. Түркология және Орхон ескерткіштерінің атласы // Көнетүркі жазба ескерткіштері: Жазу мәдениетінің бастаулары, тілдің даму құбылыстары (Халықаралық конференция материалдары). – Алматы, 2005. –4-8 бб.
10. Сейдімбеков А. Қазақ әлемі. – Алматы: 1997. – 16-17 бб.
11. Аманжолов А.Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: 1996. – 127 б.
12. Әбжанов Х.М. Күлтегін жазуы: тарихи сана мен таным // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. –Алматы, 2001. – 135-142 бб.
13. Атабаев Қ. М. Деректану. – Алматы: Қазақ тарихы, 2007. – 270 б.
14. Әбусейтова М. Шығыстану институты және “Мәдени мұра” бағдарламасы // Қазақ тарихы. – Алматы, 2005. – № 6. – 3-10 бб.
15. Зәкенұлы Т. Тянь-Шань тауының көне түрікше атауы // Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің хабаршысы. – Семей, 2003. – №3. 112-116 бб.

## **КОНЦЕПТЫ-ФОРМЫ И КОНЦЕПТЫ-ИДЕИ ТУВИНСКОЙ КУЛЬТУРЫ**

*Ламажаа Ч.К.  
независимый исследователь,  
Москва, Россия*

[lamazhaa@tuva.asia](mailto:lamazhaa@tuva.asia)

*Сувандии Н.Д.*

*Тувинский государственный университет*

*Кызыл, Россия*

[suvandiin@mail.ru](mailto:suvandiin@mail.ru)

**Аннотация:** В статье представлены результаты работы коллектива ученых- тувиноведов по изучению современной тувинской этнической